


Fiero

R-100



Пайдаланушы
нұсқаулығы

Құрметті сатып алушы!

«Fiero» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге жоғары сапа, функционалдық және дизайн талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Құлаққаптар — музыканы, сөйлеуді немесе өзге де дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары


- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына ашық сұйықтық ыдыстарын қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.
- Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Құрылғы сұлбасы

Көп функциялы батырма
Дыбыс деңгейі –
(төменгі қалпы)
Дыбыс деңгейі +
(жоғарғы қалпы)

Құлаққап

Істікше 3,5 мм



Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: R-100.
- Кәбіл ұзындығы: 1,2 м.
- Мембрана диаметрі: 10 мм.
- Сезімталдық: 102 ± 3 дБ.
- Кедергі: 21 Ом.
- Жиілігі: 20 Гц – 40 кГц.
- Қосқыш: 3,5 мм.

Пульттің функциялары

- Дыбыс деңгейін арттыру үшін реттегішті жоғарғы қалыпқа жылжытыңыз.
- Дыбыс деңгейін азайту үшін реттегішті төменгі қалыпқа жылжытыңыз.

Көп функциялы батырма:

- Кіріс қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
- Кіріс қоңырауын қабылдамау үшін ұстап тұрыңыз.
- Сөйлесу кезінде қоңырауды аяқтау үшін басыңыз немесе ұстап тұрыңыз.
- Музыканы ойнату кезінде ойнатуды тоқтату/жалғастыру үшін басыңыз, келесі әнге өту үшін екі рет, алдыңғы әнге өту үшін үш рет басыңыз.

Күтім және сақтау

- Гигиенаны сақтау үшін құлаққаптардың амбушюраларды мезгіл-мезгіл тазалап отыру керек.
- **Назар аударыңыз:** тазалау алдында амбушюраларды құлаққаптан алып тастау керек; ол үшін амбушюраны тартыңыз, екінші қолыңызбен құлаққапты ұстаңыз.
- Амбушюраларды жылы, сабынды сумен тазалап, шүберекпен сүртіңіз. Қолданар алдында таза сумен шайыңыз және толық құрғатыңыз. Амбушюраларды ақырын орнына қойыңыз.
- Құлаққапты орташа температурада таза жерде сақтаңыз, оларды жоғары ылғалдылыққа немесе сұйықтыққа ұшыратпаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үйжайларда жемірілу тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау орнына қайта өңдеуге тапсырылуы керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығару кәсіпорнынан алуға болады.

- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші құрылғының барлық кепілді мерзім ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастыруында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдікті кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай. Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Уиси Электроникс Ко., Лтд.

Хэнсин тас жолы 8, Хэнкэн өнеркәсіптік паркі, Ляобу, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.8



Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

Fiero